

Степногорск қаласы бойынша ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № а-6/331 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 шілдеде № 6035 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № А-12/670 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қаласы әкімдігінің 31.12.2021 № А-12/670 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына, "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14010 болып тіркелген) сәйкес, Степногорск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Степногорск қаласы бойынша ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектерді мынадай тізімдік саны бар ұйымдарға жұмысқа орналастыру үшін квота белгіленсін:

елуден жұз адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

жұз бірден екі жұз елу адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

екі жұз елу бірден артық адам – жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Степногорск қаласы әкімінің орынбасары Г.М.Әблоловаға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК